

МЕКТЕПШІЛІК КЕЗЕКТЕН ТЫС АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Мәжіліс залы

Қатысқандар:

Мектеп директоры – Р.Е. Арғынбай

Оқу ісі жөніндегі орынбасары – Р. Байбатша

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – М.А. Исмайлова

1–11 сынып жетекшілері

168 ата-ана

Күн тәртібі:

1. «Білім тынысы» – III тоқсанның қорытындысы, 11-сыныптардағы ҰБТ-ге дайындық жұмыстарының барысы
2. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» (баяндама)
3. Техникалық жабдықталу бойынша есеп
4. «Мәдениет мәйегі» (таныстырылым)
5. Жаңа мектеп формасымен таныстыру
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп директоры Рахат Ердәулетұлы Арғынбай ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша:

Мектеп директоры III тоқсанның қорытындысы туралы баяндама жасады. Мектеп бойынша білім сапасының көрсеткіші – 44,6%. Сыныптар бойынша:

2-сынып – 69,23%

3-сынып – 54,72%

4-сынып – 53,33%

5-сынып – 43,66%

6-сынып – 45,59%

7-сынып – 47,73%

8-сынып – 39,22%

9-сынып – 40,91%

10-сынып – 44,0%

11-сынып – 50,0%

11-сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны айтылды. Оқушылар тестке тіркеліп, нәтижелерін көрсетуде. 11 «А», 11 «Ә», 11 «Б», 11 «В» сыныптарының орташа көрсеткіші – 69,8%. Қосымша дайындық сабақтары жүргізілуде.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А. Исмайлова «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Баяндама барысында өскелең ұрпаққа сапалы

тәрбие беру – ел болашағының кепілі екендігі ерекше атап өтілді. Оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдениеттілік пен әдептілікке баулу, құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар жан-жақты сөз болды.

Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіпті сақтау, заң талаптарын құрметтеу мәселелері кеңінен талқыланды. Мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы ғана тиімді нәтиже беретіндігі айтылып, отбасындағы тәрбиенің рөліне ерекше мән берілді.

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, олардың балаларымен тығыз қарым-қатынас орнатуы, бос уақытын тиімді ұйымдастыруы – тәрбиенің маңызды тетіктерінің бірі екені атап өтілді. Баяндаманың қорытындысында ұрпақ тәрбиесіне барша қоғам болып атсалысу қажеттігі, саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру – ортақ міндет екені жеткізілді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Арғынбай мектептің материалдық-техникалық базасының жай-күйі туралы жан-жақты есеп берді. Есеп барысында мектептің компьютер сыныптарымен қамтамасыз етілуі, заманауи интерактивті тақталардың саны мен қолданылу деңгейі, сондай-ақ спорттық құрал-жабдықтардың жағдайы туралы нақты мәліметтер ұсынылды.

Сонымен қатар, білім беру процесінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар атап өтілді. Жаңа техникалық құралдардың сабақ барысында қолданылуы, олардың оқу сапасын арттыруға тигізетін ықпалы талқыланды.

Жиын барысында қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалану, құрал-жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ету және оларды жаңарту қажеттілігі де сөз болды. Қатысушылар тарапынан ұсыныстар айтылып, техникалық базаны одан әрі жетілдіру бағытында бірқатар міндеттер белгіленді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А. Исмайлова «Мәдениет мәйегі» тақырыбында мазмұнды таныстырылым өткізді. Таныстырылым барысында мектепте ұйымдастырылып жүрген мәдени іс-шаралар, түрлі байқаулар мен мерекелік кештер кеңінен таныстырылды.

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық бағыттағы жетістіктері, өнер, музыка, би және басқа да салалардағы табыстары көрсетіліп, олардың жан-жақты дамуына жасалып жатқан жағдайлар туралы айтылды. Мектеп ұжымының мәдени ортаны қалыптастырудағы еңбегі ерекше атап өтілді.

Іс-шара барысында ата-аналар да белсенділік танытып, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Олар мектептегі мәдени жұмыстардың маңыздылығын қолдай отырып, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған бастамаларды құптады.

Қорытындысында мектеп, оқушы және ата-ана арасындағы тығыз байланыс мәдени тәрбие берудің негізгі кепілі екені атап өтілді.

Бесінші мәселе бойынша, мектеп директоры Е. Арғынбай сөз алып, осы оқу жылының IV тоқсанынан бастап мектептің жаңа бірыңғай мектеп формасына көшкенін атап өтті. Бұл

өзгеріс білім алушылардың сыртқы келбетін біріздендіру, тәртіпті күшейту және мектептің ішкі мәдениетін қалыптастыру мақсатында енгізілгені айтылды.

Нақтырақ айтқанда, жаңа мектеп формасы тоқ қызыл түсті күртеше мен жеңсіз күртешеден, сондай-ақ тоқ көк түсті шалбардан тұратыны таныстырылды. Форманың үлгісі, матасының сапасы, маусымға сәйкестігі және оқушыларға ыңғайлылығы ескеріліп таңдалғаны туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар, мектеп формасын күнделікті сақтау, таза әрі ұқыпты кию әр оқушының міндеті екені ескертілді. Ата-аналарға балаларын жаңа мектеп формасымен уақытылы қамтамасыз ету қажеттілігі түсіндірілді.

Жиын барысында ата-аналарға жаңа үлгідегі мектеп формасы көрсетіліп, оның ерекшеліктері мен артықшылықтары таныстырылды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, ұсыныстар тыңдалды.

.Жарыссөз:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е. Жаңабай сөз сөйлеп, мектептегі үйірмелердің жұмысына тоқталды. Атап айтқанда: дебат, шахмат, менталды арифметика, ағылшын тілі, домбыра, актерлік шеберлік, вокал, хореография, робототехника және волейбол үйірмелері жұмыс істейтіні айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын арттыру мақсатында пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмысы күшейтілсін. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындау жұмыстары жалғасын тауып, ата-аналар тарапынан бақылау мен қолдау күшейтілсін.
3. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» бағыты бойынша тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс нығайтылсын.
4. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда болсын.
5. Мектептің материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану, құрал-жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ету және кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жалғастырылсын.
6. Мәдени-көпшілік іс-шаралар, шығармашылық және спорттық үйірмелердің жұмысы жандандырылып, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалсын.
7. Осы оқу жылының IV тоқсанынан бастап енгізілген жаңа мектеп формасын сақтау міндетті деп танылып, ата-аналар тарапынан оқушыларды мектеп формасымен толық қамтамасыз ету тапсырылсын.
8. Ата-аналар жиналысында айтылған ұсыныстар мен пікірлер мектеп әкімшілігі тарапынан назарға алынып, алдағы жұмыс жоспарында ескерілсін.

Жиналыс төрағасы:

Р.Е. Арғынбай

Хатшы :

А.Құрманай